



Қазақстан Республикасының білім және мәдениет үйымдарына есімдер беру және оларды қайта атап туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 сәуір N 523

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 Р960281_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, үйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атап мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібіне сәйкес және Шығыс

Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы әкімдерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1-қосымшаға сәйкес білім және мәдениет үйымдарына есімдер берілсін.
2. 2-қосымшаға сәйкес білім үйымдары қайта аталсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 7 сәуірдегі

N 523 қаулысына

1-қосымша

Атақты тарихи тұлғалардың, белгілі мемлекет және қоғам

қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдардың,

жазушылардың, ұстаздардың есімдері берілген білім

және мәдениет үйымдарының

тізбесі

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Шымкент заң колледжіне - Бауыржан Момышұлының есімі;

Сарыагаш ауданының Дарбаза ауылдық округіндегі N 70 орта мектепке -
Сапаш Байғозиевтың есімі;

Бәйдібек ауданының Алғабас ауылдық округіндегі "Тұрмыс-2" орта мектебіне - Таңатар Қазақбаевтың есімі;

Бәйдібек ауданының "Кенес" орта мектебіне - Әмірбек Жолдасбековтың есімі;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музыкалық драма театрына - Сәбит Мұқановтың есімі;

Есіл ауданының Ленин ауылшаруашылығы колледжіне Жәлел Қизатовтың есімі;

Шал ақын ауданының Ленин орта мектебіне - Мәркен Ахметбековтың есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Аягөз ауданының N 16 орта мектебіне - Кешірімхан Бозтаевтың есімі;

Қатонқарағай ауданының Еңбек орта мектебіне - Садық Тұкібаевтың есімі; Өскемен қаласының N 20 орта мектебіне - Ахмет Байтұрсыновтың есімі;

Алматы қаласы бойынша

Бостандық ауданының N 38 қазақстан-ресей гимназиясына - Михаил Ломоносовтың есімі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 7 сәуірдегі
N 523 қаулысына
2-қосымша

Қайта аталуға жататын білім ұйымдарының
тізбесі

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Шымкент қаласының N 8 Ленин атындағы гимназия-мектебі - Мұхамед Хайдар Дулати атындағы гимназия-мектеп;

Шымкент қаласының N 5 Калинин атындағы орта мектебі - Молда Мұса атындағы орта мектеп;

Мактаарал ауданының Атамекен ауылдық округіндегі "Бірлік" орта

мектебі - "Мақташы" орта мектебі;

Мақтаарал ауданының Атамекен ауылдық округіндегі М. Әуезов атындағы орта мектеп - "Жібек жолы" орта мектебі;

Мақтаарал ауданының Бірлік ауылдық округіндегі С. Сейфуллин атындағы орта мектеп - "Береке" орта мектебі;

Мақтаарал ауданының Бірлік ауылдық округіндегі Б. Момышұлы атындағы орта мектеп - "Болашақ" орта мектебі;

Мақтаарал ауданының Иіржар ауылдық округіндегі Әбдуәлі Тәжібаев атындағы орта мектеп - "Мақтажан" орта мектебі;

Мақтаарал ауданының Мырзакент кентіндегі N 18 Г. Титов атындағы орта мектеп - "Мырзакент" орта мектебі;

Мақтаарал ауданының Қарақай ауылдық округіндегі Ы. Алтынсарин атындағы орта мектеп - "Қараөзек" орта мектебі;

Мақтаарал ауданының Ж. Нұрлышбаев атындағы ауылдық округіндегі С. Киров атындағы орталau мектеп - Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы орталau мектеп;

Сайрам ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округіндегі К. Маркс атындағы орта мектеп - Нұрғиса Тілендиев атындағы орта мектеп;

Сайрам ауданының Қызылқыстақ ауылдық округіндегі N 65 "Қызылқыстақ" орталau мектебі - Әбдірашид Мұзрапов атындағы орталau мектеп;

Сарыагаш ауданының Абай ауылдық округіндегі N 24 Қазақ ССР-інің 50

жылдығы атындағы орта мектеп - Өзбекәлі Жәнібеков атындағы орта мектеп;

Сарыагаш ауданының Бірлесу ауылдық округіндегі XXI партсъезд атындағы орта мектеп - "Жуантөбе" орта мектебі;

Түркістан қаласының N 17 М. Әуезов атындағы орта мектебі - Ататүрік атындағы орта мектеп;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Аягөз ауданының Шыңғожа ауылдындағы Ленин атындағы орта мектеп - Шыңғожа орта мектебі;

Алматы қаласы бойынша

Р. Глиэр атындағы N 2 балалар музикалық мектебі - Тілес Қажығалиев атындағы балалар музикалық мектебі.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК